

A hand holding a wooden gavel over a computer keyboard. The background is a blurred image of a computer keyboard and a hand holding a mouse. The text is overlaid in a large, white, serif font.

**Сыбайлас
жемқорлық – індет,
оны жою – міндет!!!**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы
Қазақстан Республикасының 1998 ж. 2 шілдедегі
№ 267-1 Заңы**

- **1-тарау. Жалпы ережелер**
- **(1 - 7-баптар)**
- **2-тарау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу,
сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықпен және
ол үшін жауаптылық**
- **(8 - 17-баптар)**
- **3-тарау. Сыбайлас жемқорлықпен құқық
бұзушылықтардың зардаптарын жою**
- **(18 - 19-баптар)**
- **4-тарау. Қорытынды ережелер**

Қазақстандықтар сыбайлас жемқорлықтың 6 себебін атады.

- ❖ шенеуніктердің әрекеттеріне
- ❖ табыстарына және шығындарына қатаң бақылаудың жеткіліксіздігі
- ❖ сот жүйесінің жетілмегендігі
- ❖ бюджеттік саладағы жұмысшылар жалақысының төмендігі
- ❖ сыбайлас жемқорлық фактілері үшін жазалардың дұрыс еместігі
- ❖ жетілмеген экономика мен қоғамдық бақылаудың жоқтығы
- ❖ сондай-ақ ұлттық дәстүрлер мен менталитет



A wooden gavel and a pair of scales of justice are shown on a wooden surface. The gavel is in the foreground, and the scales are in the background. The text is overlaid on the image.

Әр түрлі сфералардағы сыбайлас
жемқорлық ірекет үшін моральдық-
этикалық жауапкершілік

Қоғамдағы моральдық-этикалық
жауапкершілік

Жанұядағы моральдық-этикалық
жауапкершілік

Еңбек ұжымындағы моральдық-
этикалық жауапкершілік

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттердің үлгісін қалыптастыру жолдары

Қазақстан сыбайлас жемқорлықпен күресті бұрынғы кеңестік республикалар арасында алғашқылардың бірі болып қолға алды. Соның нәтижесінде аз уақыттың ішінде біршама тәжірибе жинап, өзіндік сүрлеу де салды. Алайда сыбайлас жемқорлықпен күрестің Қазақстан қоғамындағы маңызы мен рөлін оң бағалауға әлі ерте. Мамандардың айтуы бойынша сыбайлас жемқорлық мемлекеттік және ұлттық қауіпсіздікке зардабын тигізетін құбылысқа айналуда.

Сыбайлас жемқорлық өмірімізді аздырады

Бүгінгі таңда жемқорлықпен күрес тек Қазақстан үшін ғана емес, әлемнің басқа да елдері үшін де аса өзекті мәселе болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес әр кезеңде әртүрлі сипатта болған. Оның мемлекет ұғымымен қатар өмір сүріп келе жатқандығына тарихи жазба деректер куә бола алады. Мәселен, ежелгі дәуірлер туралы анықталып жатқан тарихи зеріттеулерге сүйенсек кейбір сол уақытта дамыған мемлекеттерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жария түрде күрес жүргізіліп, пара алатын шенеуніктер қала-мемлекет заңымен қудаланған. Дегенменде сыбайлас жемқорлық мәселесі тарихи уақыт шеңберін немесе ұлттық шекараларды мойындамайды. Ол барлық жерлерде, барлық кезеңдерде қоғамдасудың әртүрлі нысандарында орын алып отырған қоғамдық індет. Оны түбегейлі жою мүмкін болмаса да қоғамдық бақылауды күшейту арқылы, атқарушы және заң шығарушы биліктердің ашықтық пен жариялық принциптерін қолдана отырып басқада қоғамға ортақ қағидаттарына негізделген күрес пен сот билігінің әділдігі арқылы ғана белгілі бір дәрежеде шектеп, жаппай көрініс беруін төмендетуге болады.

Түрлі ұйымдардың деректері бойынша, Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың деңгейі жағынан әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жағынан артта қалып қойған кейбір елдердің соңында келе жатыр. Сыбайлас жемқорлықпен күресті зерттейтін халықаралық деңгейде мойындалған «Трансперенси интернэшнл» тәуелсіз ұйымының статистикасына сүйенер болсақ, соңғы үш жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан 100 мемлекеттен кейінгі төмен орынды иемденуде. Ал өткен жылы еліміз оданда төмен орынға қалыптасып, сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары елдердің арасында жүрміз. Көптеген мемлекеттер түрлі рейтингтер бойынша төмендеу болсада сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша Қазақстаннан алда тұрғаны рас.

Сыбайлас жемқорлықтың орын алуына ықпал ететін факторлар әралуан. Оны емдеудің бірегей іс-шарасын әлі ешкім жасап шыққан жоқ. Әлемдік тәжірибеге және онымен күрестің өз еліміздегі тарихына көз жүгіртер болсақ, қоғамдағы әділдік ұғымы заңдылықпен қаншалықты сәйкес болса, сол қоғам жемқорлық секілді індеттен соғұрлым азат болатыны ақиқат. Сондықтан көпшілік мойындайтын әділдіктің барлығы заңды және заңды нәрсенің бәрі әділ болмауы да мүмкін. Жемқорлықты ауыздықтап ұстап отырған еуропалықтар үшін әділдік пен заңдылық синоним ұғымдар. Бірақта әр елдің өзіндік ішкі ұлттық ой-пікір бейнесін ескермеуге болмайды.

Ұлттық тұрғыдан алғанда «әділеттіктің алтын ғасыры» болып есептелінетін 17-18 ғасырлардағы өз тарихымызға қайта көз жүгіртсек, Тәуке хан негізін салған «Жеті жарғының» заңдары салтанат құрған көшпелі қоғамда кез келген заң бұзушылық, дау-таластарды шешу кезінде салт-дәстүр бойынша қалыптасқан қағидаттар басшылыққа алынып, беделді тұлғалардың жеке пікірлерін тыңдау арқылы, үлкен жиындарда әділ қаралған. Олар сол ел деңгейінде мойындалатын, ашық әрі жария түрде өтетін. Онда қазіргідей үкімді орындауға қатысты органдардың мүлдем болмауына карамастан, билер сотының шешімі ақиқаттың соңғы инстанциясы ретінде тұтастай мойындалатын еді. Парақорлық сол кездегі заң тұрғысынан ғана емес, моральдық-этикалық нормалар тұрғысынан да үзілді-кесілді айыптауға ұшыраған. Мемлекеттік билікті жүзеге асырушылардың әділдігі мен адамгершілік қасиеттері ең бірінші орында тұрғандықтан, халқымыздың жадында бұл кезең «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» ретінде сақталып қалды. Қазақстанда жемқорлыққа қарсы күрестегі жекелеген іс-шаралар мемлекет егемендік алған мезгілден басталып, ел экономикасын қалыптастырған 1993-1998 жылдардан бері бірге жүйелі түрде жүргізіле бастады. Осы күрестің оң нәтижелері де аз емес, кейбір жетістіктеріміз әлемдік деңгейде мойындалғанын да атап өтуге болады. Халықаралық деңгейде қолданысқа ие болған, Еуро Кеңес қабылдаған 24-ші резолюцияға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күрестің 20 қағидасының барлығы да бүгінгі таңда Қазақстанда жүзеге асырылды, немесе жүзеге асу үстінде.

Сыбайлас жемқорлық — әлеуметтік бәле!

Сыбайлас жемқорлық — әзірше әлемнің бір-де бір елі жеңіп шыға алмаған әлеуметтік бәле. Сыбайлас жемқорлыққа шек қоюға, әлеуметтік қатынастарды қоғамға зиян келтіріп мүмкіндіктерін асыра пайдаланудан мүмкіндік шегінде жағдай жасауға болады. Әлемнің барлық мемлекеттері осы бәлеге тап болып отыр. Сонымен қатар қазіргі заманғы жағдайда сыбайлас жемқорлық мемлекеішіндік проблемадан біртіндеп ғаламдық проблемаға айналып бара жатыр. Қазір алдыңғы қатарлы елдерді қоса алғанда барлық елдер жаңа қауіптерді ескере отырып сыбайлас жемқорлықпен күрестің өз үлгілерін қайта қарауда. Сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту жөнінде жаңа заңдар қабылдап жатыр.

БҰҰ сегізінші Конгресі (Гавана, 1990 ж.) өзінің «Мемлекеттік басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық» атты резолюциясында мемлекеттік әкімшілікте сыбайлас жемқорлық проблемалары жалпы сипатқа ие және оның зиянды әсері күллі әлемде сезілетінін белгіледі. Нырқтық экономика жағдайында сыбайлас жемқорлық бүркемелі сипатқа ие — ол лоббизм, тамыр-таныстық, бұрынғы жоғары шенеуніктердің жеке меншік компаниялардың басшы лауазымдарына ауысуы, мембюджет есебінен жеке меншік құрылымдарды инвестициялау, мемлекет мүлігін акционерлік қоғамдарға беру және т.б. түрінде көрінуі мүмкін.

Дүние жүзілік Банктің «Ауыспайлы әлемдегі мемлекет» 1997 ж. есебінде сыбайлас жемқорлықтың пайда болуының негізгі себептері көрсетілген: «Сыбайлас жемқорлық ең алдымен бақылаудың және есеп берудің осалдығында шенеуніктер өкілеттігі кең болған жерде пайда болады. Саясаткерлер, шенеуніктер және судьялар игілікке қол жетімділігін бақылайды және осы жағдайын пайдалана отырып тұрғындарға және кәсіпорындарға қосымша шығын келтіруі мүмкін».

Қазіргі заманғы қазақстан қоғамында сыбайлас жемқорлықтың себептері мыналар болып табылады:

- ❑ Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, ұйымдар, барлық жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың басшылық құрамын құруда кадрлар іріктеудің жетілмегендігі;
- ❑ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәрбиесі және оқу орындарында, ең алдымен жоғарғы оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсінік қалыптастыру жүйесінің болмауы;
- ❑ Мемлекеттік органдардың шенеуніктерінің, мемлекеттік ұйымдардың, мекеме және кәсіпорындардың басшыларының арасында ашық түрде мүлкі, табысы және оның көзі туралы жариялаудың болмауы;
- ❑ Кейбір шапшаң өсетін басшылардың мемлекеттігі, азаматтығы және патриотизмінің төмен-деңгейі;
- ❑ Мемлекеттік қызметшілердің жалақысының және мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуының ынталандыру шараларының төмендігі;
- ❑ Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі мен кәсібилік-деңгейінің төмендігі;
- ❑ Мемлекеттік басқару саласынан табыс етілетін елдің үкіметтік емес ұйымдары ұсынатын әлеуметтік қызметтер саласы жазықтығының тарлығы.
- ❑ Қазақстан Республикасындағы адам және азамат құқықтары саласында халықтың құқықтық мәдениетінің төмен-деңгейі;

Этика ұғымы

Этика (грек. *ethos* – дағды, әдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлқы болып табылатын ежелгі теориялық пәндердің бірі. Термин және айрықша зерттеу пәні ретінде өз бастауын Аристотель еңбектерінен алады. “Этизм” термині Аристотельдің ар-ождан мәселесіне арналған үш шығармасының (“Никомах этикасы”, “Евдем этикасы”, “Үлкен этика”) атауына кірген. Аристотель Этизм жайлы сөз қозғағанда негізгі үш мәселеге тоқталып, этик. теория, этик. кітаптар, этик. іс-тәжірибе туралы айтады. О баста грек тіліндегі Этизмның латын тіліндегі баламасы ретінде мораль қолданылса, кейіннен білім беру дәстүрінде Этизм – ілім мәнінде, мораль – оның пәні ретінде қарастырылды. Әдетте, Этизмдық ой-толғамдар адамдардың мінез-құлықтары мен салт-дәстүрлерінің әралуан екендігін баяндаудан басталады. Сократ әр-түрлі мінез-құлықтарды бағалап, саралау үшін парасатқа жүгіну керек деп білді. Платон адам жан-жақты ұйымдастырылған мемлекетте өмір сүріп, оның басшылығын дана-философтар атқарғанда ғана рухани және мінез-құлық кемелдігіне жете алады деп білді. Парасат иесі ретінде өз мүмкіндіктерін жүзеге асырған адам, өз өмірінің жоғ. мақсатын айқындап, мемлекеттің негізі болып табылатын саясатқа, экономикаға Э-дық нормалармен жетекшілік жасайды. Этизм ұғымы жайлы Д.Юмның “Адамның табиғаты” туралы трактатында жан-жақты айтылады. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында Этизм ұғымының баламасы ретінде ар-ождан ұғымы қолданылып, негізгі тақырып ретінде ұсынылған.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес

Қазіргі кезеңде баршамызды алаңдатып отырған мәселе — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы індеттің салдарынан еліміздің әр азаматы зардап шегіп отыр десек қателеспейтін шығармыз. Өйткені сыбайлас жемқорлық қоғам өмірінің барлық саласына тарап кеткені белгілі. Қоғамдағы орын алып отырған осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатуы ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел келешегіне, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиян әкелетіні аян. Яғни осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ өте маңызды мәселе екені айқын. Және де бұл бағытта біз билік, оппозиция, тағы басқалар деп бөлінбеуіміз қажет. Өйткені қоғамның әр мүшесі өзінің тұрмыстық, әлеуметтік және құқықтық мәселелерін шешу кезінде еріксіз сыбайлас жемқорлықтың ықпалын сезінетіні шындық. Қарапайым халық арасында еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың кең етек жаюын тек биліктегі адамдардың ашкөздігімен ғана байланыстырамыз. Бір қарағанда пікір дұрыс сияқты болғанымен, қоғам өмірін бір ғана қырынан бағалау шындыққа қиянат әкелуі мүмкін. Өйткені билікте қызмет істейтін адамдардың әрекеттері олардың білімдері мен рухани тәрбие алу деңгейі және өмірге деген көзқарастары мен ұстанымдарының әр алуан болуына байланысты, сондықтан да олардың барлығы дүниеқоңыздықтың құлы деп ұғу — адасушылық. Сонымен қатар, билік жүйесіне қатысы бар адамдардың сол жүйеде орын алатын келеңсіз құбылыстардың құрбаны болу мүмкіншілігі барын да естен шығармау қажет. Қазіргі қалыптасып отырған билік жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың тамыры мемлекеттің даму бағытын таңдау кезіндегі жасаған биліктің қадамдарына байланысты екенін де жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін осы құбылыстың пайда болуы мен оның табиғи дамуының негізін түсіне білу қажет. Яғни сыбайлас жемқорлықтың тамырын анықтау үшін адамзат өмірінің даму заңдылығымен байланыстыратын терең ғылыми сараптама негізіндегі тұжырымдама қажет. Бұл — ғалымдардың міндеті.

Сыбайлас жемқорлық адамзаттың алғашқы қарапайым қауымдастықтан өтіп, күрделі тай-палық қоғамдық бірлесулердің пайда болуы мен адамдардың әлеуметтік жікке бөліну үдерісінен бастау алады. Алғашқы қоғамдық бірлесулердің өмірге келуі адамдардың әлеуметтік жікке бөлінуі мен адамзат өмірін-дегі материалдық және құқықтық теңсіздіктің пайда болуына алып келгені белгілі. Соның салдарынан байлық иелері мен байлығы жоқтар арасында жаңа қарым-қатынастар пайда болған. Яғни тайпалық қоғам ішінде өктемдік жүргізуші топтардың көмегі мен рахымына ие болу үшін соларға тәуелді, кіріптарлардың оларға сый-сияпат көрсету мен тартулар жасау салт-дәстүрі пайда болды. Қоғамның даму сатысы биікке көтеріліп, мемлекеттің жетілу деңгейі өскен сайын бір кездегі қарапайым салт-дәстүрдің мазмұны мен мәні өзгеріске ұшырап, қазіргі кезеңдегі келеңсіз құбылыс сыбайлас жемқорлық деңгейіне жеткені белгілі.

Бұл құбылыстың даму шегіне жетуіне тікелей ықпал жасайтын капитализмнің негізгі заңы екені белгілі. Яғни сыбайлас жемқорлық тамырының терең жайылуы пайда табу мен баю үрдісіндегі еңбекті қанау және адамдардың құқықтарын шектеу деңгейінің өсуіне тікелей байланысты. Сонымен қатар осы құбылыстың етек жаюына қоғамдық сананың рухани кедейленуі мен адами құндылықтардың жойылып, қоғамның азғындыққа душар болуы да ықпал етеді. Еуропадағы капитализмнің дамуы кезеңінде XVIII ғасырдан бастап сол замандағы рухани, адами ұстанымдарды қорғауға байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген күрестің салдарынан оның даму деңгейі XX ғасырға дейін тежеліп келді. Ал XX ғасырдың екінші жартысынан бастап сыбайлас жемқорлықтың жанданғаны белгілі, яғни жаһандану үдерісінің басталуымен байланысты сыбайлас жемқорлық дамуы шегіне жетіп отыр. Либералды капитализмнің (бақылаусыз нарықтық экономика) қаржылық институттардың (банктердің) әлемдік экономикаға диктат жүргізуі транснационалдық компаниялардың дамуына алып келді. Олардың дамуы сыбайлас жемқорлықтың бүкіл дүниежүзінің елдерінде терең тамыр жаюына және дамып келе жатқан елдердің табиғи байлығын аз ғана шоғырланған алпауыт мемлекеттердің емін-еркін пайдалануына жол ашты. Соның салдарынан дүниежүзі елдері көлеңкелі қаржылық экономиканың (теневой банкинг) ықпалымен өмір сүруге мәжбүр болып отыр.

Халықаралық қаржылық тұрақтандыру Бюросының (Bloomberg) мәліметіне сүйенсек, соңғы 10 жыл ішінде көлеңкелі банкинг индустриясы үш есеге өсіп, 41 триллион долларды құраған. Дүниежүзілік көлеңкелі банкинг индустриясы көлемі қазіргі кезеңде 67 трлн. доллар болып отыр. Әділетті демократиялық деп үлгі тұтып отырған АҚШ-тың өзі әлемдегі көлеңкелі банкинг көлемінің 35 пайызын құрайтыны белгілі. Осы әлемдегі көлеңкелі банкингтің мөлшерін Қазақстанның бір жылғы бюджетімен салыстырып көрсеңіз, онда көп нәрсені ұғуға болады. Әлемде аз ғана алпауыт мемлекеттер осы көлеңкелі экономика арқылы әлемдегі барша елдерге саяси және экономикалық экспансия жүргізіп отыр. Олар осы жолды пайдалану арқасында дүниежүзіндегі мемлекеттердегі биліктердің қалыптасуы мен әрекеттерін үнемі бақылауда ұстау мүмкіншілігіне ие болып отыр. Басқаны айтпағанда, тіпті ірі еуропалық мемлекеттердің өзінде билік басына кімнің, қалай келуіне, қанша отыруына тікелей ықпал жасайтыны белгілі. Осы құбылыстың дүниежүзіндегі елдердің өміріне етене кіргені сондай, әрбір дамып келе жатқан мемлекет өзінің халықаралық аренадағы орны мен билік басындағылардың беделін көтеруге осы жолды пайдаланып, ұлттық байлықты ысырапқа түсіретіні белгілі. Әлемдегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі үнемі өсу үрдісінде дамып келеді. Сыбайлас жемқорлықты тек қатаң заң қабылдап, ауық-ауық шаралар өткізумен жеңу мүмкін емес. Оны әлемдегі елдердің оң бағасын алып отырған Сингапур, Оңтүстік Корея сынды тағы басқа елдердің осы құбылыспен күресу тәжірибесі көрсетіп отыр. Ұлт мүддесін шын қорғап, әділетті мемлекет болып, осы келеңсіз құбылыстың құрбанына айналмау үшін, тек ғылыми тұрғыдан өз мемлекетінің жүретін жолын анықтай отырып, әлемдік жетістіктерді талғаммен, өз халқының ерекшелігі мен рухани байлығына ыңғайландыра отырып сараптама негізінде қабылдау қажет. **Негізгі бағыт** — қоғамдық сананы, жасанды саяси бағыттардың ықпалынан қорғай отырып, тарихи қалыптасқан ұлттың рухани құндылықтары мен әлемдік өркениеттің адами тиімді тәжірибесімен ұштастырған ұстанымның негізінде қалыптастыру қажет. Қазіргі заманда орын алып отырған адамзаттың рухани құлдырау үдерісінен келешек ұрпақты сақтап қалудың жолын әлемнің екінші ұстазы болған, әлемге әйгілі данышпан бабамыз Әбу Насыр әл Фарабидің өсиетінен іздегеніміз дұрыс болатын шығар. Осыдан мың жылдай бұрын ұлы бабамыз: *«Адамға ең әуелі тәрбие бермей, білім және ғылым берсең, ол жүрген ортасына оңат әкеледі»* — деп айтып кеткен.

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ТЕТІКТЕРІ



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың
2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасы



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасының орындалу барысы жайында партия Төрағасына жыл сайынғы Баяндама

Сыбайлас жемқорлықты түсінудің жыл сайынғы Ұлттық индексі



Жоғары оқу орындарының сыбайлас жемқорлық деңгейі бойынша жария рейтингісі



«Нұр Отан» партия мүшесінің этикалық стандартын қабылдау

Құқық қорғау органы қызметкерінің Ар-ождан кодексін қабылдау



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылдау

«Қоғамдық бақылау туралы» Заң қабылдау



«Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заң қабылдау

Мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендіру үдерісінде ашықтықты қамтамасыз ететін Заң қабылдау




Жергілікті қоғамдастықтарға ауыл әкімін мерзімінен бұрын орнынан алу өкілеттіктерін беру

Меншікті кіріс көздерін қалыптастыруда жергілікті өзін-өзі басқару өкілеттіктерін кеңейту



Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша елдер тобына (GRECO) кіру





**НаЗар СаЛыП
ТыңДАған-
даРЫҢЫЗға
РАХМЕТ!!!**